

Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылышына қосымша өзгертулер енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаты және облыс әкімінің кезектен тыс сессияда қабылдаған 1997 жылғы 30 мамырдағы N 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1997 жылғы 29 желтоқсанда N 16 тіркелді.

Ескерту. Шешімінде орыс тілінде "с. Комсомольское" сөздері "село Комсомольское" сөздермен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың пікірлерін, аудандардың ономастикалық комиссияларының қорытындыларын ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

Қазақстан Республикасы Үкіметіне Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізіліп, жекелеп айтқанда:

1. Ленин ауданының орталығы Батамша поселкесі болып, Қарғалы ауданы атауы берілсін.
2. Октябрь ауданы Мұғалжар ауданы болып, орталығы ретінде Октябрьск қаласы белгіленсін.
3. Бөгеткөл ауданы Әйтеке би ауданы болып, орталығы ретінде Комсомольское ауылы белгіленсін.
4. Октябрь ауданының орталығы - Октябрьск қаласы Қандыагаш қаласы болып өзгертилсін.

Облыстық Мәслихат
хатшысы

Облыс Әкімі